

Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 4С-17-5 "Ақмола облысының (ауданның, Көкшетау, Степногорск қалаларының) құрметті азаматы" атағын беру ережелерін бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № 5С-8-11 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда № 3593 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 7С-20-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 14.09.2022 № 7С-20-9 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. "Ақмола облысының (ауданның, Көкшетау, Степногорск қалаларының)" құрметті азаматы атағын беру ережелерін бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы № 4С-17-5 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3338 , 2009 жылдың 12 желтоқсанында "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Ақмола облысының (ауданның, Көкшетау, Степногорск қалаларының) құрметті азаматы" атағын беру ережелері:

келесі мазмұндағы 6-1 тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Ұсынылған азаматтар жиынының, өндірістік кәсіпорынның еңбек ұжымы жиналысының, ұйымның, мемлекеттік мекеменің, қоғамдық бірлестіктің, партияның хаттамаларын, облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттар депутаттарының өтініштерін дәйекті қарастыру мақсатында облыс (аудан, Көкшетау, Степногорск қалалары) әкімінің өкімімен құрамына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық пікір көшбасшыларының өкілдері кіретін 9 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылады.

Жұмыс тобының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және жұмыс тобының жалпы санының басым бөлігі олар үшін дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі. Дауыс саны тең болған жағдайда жұмыс тобының басшысы дауыс берген шешім қабылданады. Жұмыс тобының

мүшелері ерекше пікір білдіру құқығына ие болады, және оны білдірген жағдайда, жазбаша түрде баяндалуы және хаттамаға қоса берілуі қажет.

Жұмыс тобының шешімі ұсынымдық сипатта болады, хаттамамен рәсімделеді және басшысы мен хатшысының қолдары қойылады."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

А.Тайшытаев

*Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы*

Н.Дьячек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК